

## «500+500» акциясының ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)

**Акция** - «Bereke Bank» АҚ-та өткізілетін Mastercard World Elite төлем карталары бойынша меркетингтік акция (бұдан әрі – «Акция»).

**Банк** – «Bereke Bank» АҚ Акция ұйымдастырушысы болып табылады.

**Карта** - Банк Клиенттің атына шығарған Mastercard World Elite премиум картасы.

**Акция өткізу кезеңі** – 2026 жылғы 02 ақпаннан 2026 жылғы 30 маусымды қоса алғанға дейін.

**Сатып алу** — Акцияға Қатысушының Карта немесе оның деректемелері (Е-com және POS-операциялар) арқылы тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді төлеуі.

**Тарифтер** — Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында жарияланған жеке тұлғаларға қызмет көрсету тарифтері.

**Акция Қатысушысы** — соңғы 90 күнтізбелік күн ішінде премиум картасы болмаған Банктің жаңа клиенттері және қолданыстағы клиенттері.

### 1. Акцияға қатысу талаптары

1.1. Акция өткізу кезеңінде Банктің дебеттік Премиум картасын (оның ішінде премиум digital-картаны) шығару немесе Банктің қолданыстағы картасын пайдалану.

1.2. Клиент 2 (екі) толық күнтізбелік ай ішінде бір мезгілде төмендегі шарттарды орындауы тиіс:

1.2.1. Транзакциялық белсенділік

Банктің картасы арқылы 2 (екі) толық күнтізбелік ай ішінде жалпы сомасы кемінде 500 000 (бес жүз мың) теңге көлемінде қолма-қол ақшасыз транзакциялар (сатып алулар) жасау (әр айда кемінде 150 000 теңге).

1.2.2. Қаражатты орналастыру және сақтау

- Банктің жаңа клиенттері үшін — кемінде 500 000 (бес жүз мың) теңге сомасына депозит орналастыру немесе картаны/шотты толықтыру және көрсетілген қалдықты 2 (екі) толық күнтізбелік ай бойы үздіксіз сақтау;
- Банктің қолданыстағы клиенттері үшін — Акцияға қатысу басталған күнгі картада және/немесе депозитте қаражат болған жағдайда, жиынтық қалдықты кемінде 500 000 (бес жүз мың) теңгеге ұлғайту және ұлғайтылған қалдықты 2 (екі) толық күнтізбелік ай бойы үздіксіз сақтау.

### 2. Акция шеңберіндегі сыйақылар

2.1. Осы Ережелердің 1-бөлімінде көрсетілген шарттар орындалған жағдайда, Акцияның қолданылу кезеңінде 1 (бір) негізгі Картаның жылдық қызмет көрсетуі үшін комиссия алынбайды және клиентке төмендегі артықшылықтар ұсынылады:

- карта ұстаушы үшін LoungeKey жоғары жайлылық залдарына тегін қолжетімділік;
- Акцияға қатысу кезеңінің әрбір күнтізбелік айында 2 (екі) қонақ үшін LoungeKey жоғары жайлылық залдарына тегін қолжетімділік.

2.2. Артықшылықтар клиент Акция шарттарын орындаған әрбір айда ұсынылады.

2.3. Тегін қызмет көрсету кезеңі аяқталғаннан кейін Картаны одан әрі қызмет көрсету Банктің Тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### 3. Өзге талаптар

3.1. Банк Акция қатысушыларын Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында Ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарландыра отырып, Акция Ережелеріне өзгертулер енгізуге құқылы. Қосымша ретінде Банк Акцияға қатысушыларды маркетингтік және/немесе ақпараттық материалдарды ұсыну арқылы өзгерістер туралы хабардар етуге құқылы.

3.2. Акцияға қатысушылар Акция ережелерімен және олардың өзекті редакцияларымен Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында өз бетінше танысады. Акцияға қатысушының өзгерістер күшіне енгеннен кейін Акцияға қатысуға бағытталған әрекеттерді жасауы Ережелердің жаңа редакциясымен келісетінін білдіреді.

3.3. Банк еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Акцияны өткізуге Қатысушыларды алдын ала хабардар етпестен, біржақты тәртіппен оны тоқтатуға немесе уақытша тоқтата тұруға құқылы.

3.4. Банк Акция Қатысушыларының Акцияға қатысуына байланысты пайда болуы мүмкін ақшалай залалдардың, ұсталымдардың және өзге де кез-келген шығындардың орнын толтырмайды және қайтармайды.

3.5. Алаяқтық немесе адал емес әрекеттер анықталған жағдайда Банк сыйақы беруден бас тартуға немесе ұсынылған артықшылықтарды Акцияға Қатысушыны хабардар етпестен жоюға құқылы.